Жүрек қалауы ма, ата-ана таңдауы ма: жасөспірім мамандықты қалай таңдауы керек?

Қазіргі таңда көптеген жасөспірімдердің алдында өмірдегі ең маңызды таңдау тұрады. Бұл- мамандық таңдау. Бірі бала кезінен мамандық таңдаса, кейбіреуі ата-анасының ықпалымен мамандық таңдап жатады. Ал кейбір жастар мамандықтың атағына, жалақысына қарап таңдайды. Бұл қаншалықты дұрыс? Жасөспірім мамандықты қалай таңдауы керек?

Мамандық таңдау- жай ғана таңдау жасау емес,адамның болашағына әсер ететін маңызды шешім. Ол адамның бірнеше жыл білім алатын ортасы, өз өмірін сол мамандыққа арнауға шешім қабылдауы. Сол себепті де жасөспірім өз қызығушылығына сай мамандық таңдағаны жөн. “Өмірде екі нәрсені таңдаудан қателеспеу керек: мамандық таңдау, жар таңдау” деп бекер айтпаған. Сондықтан мамандық таңдауға немқұрайлы қарауға болмайды. Azattyq-ruhy.kz сайтында Қазақстанда еңбек нарығы мен сарапшылар мәліметінше, еліміздегі түлектердің шамамен 40 пайызы немесе 2 млн адам өз мамандығы бойынша жұмыс істемейтіні туралы мәлімдеген. Бұл көрсеткіш мамандық таңдауда қателік жіберген немесе кейін бағытын өзгерткен азаматтардың үлесін көрсетеді.

Кейбір жағдайда ата-аналар балалары үшін мамандық таңдап жатады. Бұл қаншалықты дұрыс? Ата-ана бұл жағдай да тек бағыт-бағдар бергені дұрыс. Себебі ата-аналардың өмірлік тәжірибесі мол. Өмірдің ағы мен қарасын ажырата алады. Әрбір ата-ана баласының болашағын ойлайды, жақсы маман иесі болып қалыптасуын тілейді. Бірақ толыққанды мамандық таңдап, мәжбүрлеуі мүлде дұрыс емес. BAQ.kz сайтында әлеуметтік сауалнамалар мен зерттеулерге сәйкес, түлектердің 63%-ы мамандық таңдауда ата-анасының шешіміне сүйенеді немесе солардың ықпалымен таңдайтыны расталды. Сонымен қатар, ата-аналардың 75%-ы баласының нақты қандай салаға қызығатынын және болашақта кім болғысы келетінін толық білмейтінін мойындайды. Яғни, ата-аналар жасөспірімдердің пікірін, ойын, қызығушылығын білмей жатып олар үшін мамандық таңдайды. Өзің қаламаған мамандықты оқу сенің төрт жылғы уақытыңды алады, оқу жылының ортасында оқудан шығып кетуіңе әкелуі мүмкін және өмір бойы осы қателік үшін өкінуіңе әкеліп соғады.

Тағы мамандық таңдау кезінде кейбір жасөспірімдер оның сұранысқа ие мамандық па әлде жоқ па екенін қарастырмайды. Бұл мамандық таңдау да маңызды рөл атқарады. Себебі Қазақстанда дамымаған, сұранысқа ие емес мамандықтарды таңдап алып жұмыссыз жүрген адамдар жиі кездеседі. Мысалы Ism.kz сайтының мәліметінше, университетті халықаралық қатынастар немесе заңгер мамандығы бойынша бітірген жас түлек бос жұмыс орындарының аздығынан өз мамандығы бойынша жұмыс таба алмай, басқа салада еңбек етуге мәжбүр болады. Enbek.kz платформасы мен Ғылым және жоғары білім министрлігіне сәйкес, экономикаға қажетті кадрлардың 60%-ы инженерлік салаға тиесілі болса да, түлектердің көбі бұл бағытты айналып өтеді. Қазақстанда заңгер, қаржыгер және кейбір гуманитарлық бағыттар нарықта артығымен

қалып жатыр. Себебі қарапайым есеп жұмыстары мен құжат рәсімдеуді жасанды интеллект пен бағдарламалар атқара бастады. Сол себепті мамандық таңдаған кезде оның еңбек нарығында сұранысқа ие мамандық екенін тексерген жөн.

Қорытындылай келе, ата-ана мен бала мамандық таңдаған кезде ортақ түсіністікке келуі керек. Ата-ана баласын өзі қаламаған мамандықты таңдауға мәжбүрлемеу керек. Керісінше қолдау көрсетіп, бағыт-бағдар беруі тиіс. Ең дұрыс шешім диалог орнату, арнайы тесттерден бірге өту, болашақта сұранысқа ие болатын мамандықтарды бірге зерттеу, мамандармен кеңесу және ең маңыздысы ата-ана баланың кез келген таңдауында жанынан табылу. Ал сұранысқа ие мамандықтарды таңдау үшін жыл сайын ресми сайттарды қарап, жаңалықтардан хабардар болып отыру керек. Қазіргі дамыған заманда цифрлық сауатты болып, технологияларды меңгеру әрбір адамға өз пайдасын тигізеді. Біреудің арманымен өмір сүру оңай, ал өз арманыңды таңдап, оған жауапкершілікпен жету- нағыз саналы таңдау.